

**«Жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу ісіндегі
куратор-эдвайзерлердің маңызы»
мәселесі бойынша
08.01.2014 ж. № 1 АЭЖБУ Ғылыми кеңесінің**

ҚАУЛЫСЫ

Ғылыми кеңес ТЖБ бастығы Абдуллина З.А. сөзін тыңдап және талқылап, жетекшілік жұмыс тек тәрбиелік жағынан ғана емес, оқу барысында да университет әкімшілігінің студенттермен және олардың ата-аналарымен әкімшілік өзара байланысының басты тетігі болып табылатынын және тәлімгерліктің қажетті түрі бола беретінін атады.

Университетте жастарға тәлімгерлік жұмыс бойынша нақты жүйе құрылған, жүйе әр оқу тобында эдвайзерлер арқылы жүзеге асырылады. Факультеттің эдвайзерлер тізімі кафедралар ұсынысы бойынша қалыптасады. Әдетте эдвайзерлер тізіміне бітіртуші және жалпы білім беретін кафедралардың білікті және тәжірибелі оқытушылары енгізіледі.

Кафедра мәжілістерінде эдвайзерлердің есептері кезең-кезеңімен тыңдалады. Эдвайзерлердің бәрі орыс және қазақ тілінде журналмен қамтамасыз етілген. Өз кезінде студенттік топтың эдвайзерлік жұмысы туралы ереже жасалған болатын, соның негізінде эдвайзерлердің қызметін орындағаны үшін оқытушылар рейтингісіне қосымша коэффициент қосылады және соған қоса бекітілген 5 мың теңге мөлшерінде қосымша ақы төленеді.

Соған қарамастан эдвайзерлердің жұмысында бірқатар елеулі кемшіліктер бар. Оқытушылар ғана емес, тіпті эдвайзерлердің өздері де, кейбір басшылар да оқытушылар мен студенттер арасындағы қатынасты дәнекерлік ретінде қабылдап, осы жұмыстың маңыздылығын жете түсінбейді. Эдвайзерлердің оқу топтарындағы іс жағдайлары жұмысы туралы жүйелі ақпарат берілмейді, тек қана кафедра мәжілістерінде есеп берумен шектеліп бақыланады. Бұл студенттер арасында шынайы мониторинг жүргізуді қиындатады. Ал қолданыстағы студент тобының жетекшісі туралы Ереже бүгінде ескірді.

Көп жағдайларда эдвайзерлер жұмыстарын жүрдім-бардым жүргізеді, нәтижесінде істеген жұмыстарының жүйелі мәні көрінбейді. Эдвайзерлердің көпшілігі жетекші сағатын өткізбейді және жетекші сағаттарының ұсынылатын тақырыптары, жұмыс жоспарлары да болмайды. Таратылатын материалдар эдвайзерлерге жетпейді немесе ескерілмейді. Эдвайзерлердің көбі өз топтарымен жұмыс жүргізбейді, бұл жайында университет әкімшілігі мен студенттер кәсіподағы өткізетін сауалнамада көрсетілді. Осыған байланысты оқу тобының эдвайзерлері туралы жаңа ереже жасау, қамгерлер жұмысын қадағалау жүйесін құру, эдвайзерлер еңбегінің ақысын саралау арқылы төлеу қажеттілігі туып отыр.

Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1. Оқу тобының эдвайзері туралы жаңа Ереже әзірленсін және бекітілсін.

**Жауапты – ТЖБ бас. Абдуллина З.А.
Мерзімі: 2014 ж. сәуір айы.**

2. «Эдвайзер - студенттер көзімен» атты электрондық сынама сауалнамасы әзірленсін және өткізілсін.

**Жауапты – АҚТО, ОӘБ, ТЖБ, факультет
декандары
Мерзімі: 2014 ж. мамыр айы.**

3. Эдвайзерлердің еңбегін бағалаудың сараланған шәкілі әзірленсін.

**Жауаптылар – ОӘБ және ТЖБ бастықтары
Мерзімі: 2014 ж маусым айы.**

4. Эдвайзерлердің жаңа журналы әзірленсін және ол 2014-2015 оқу жылында енгізілсін.

**Жауапты - ТЖБ бастығы Абдуллина З.А.
Мерзімі: 2014 ж. қыркүйек айы**

5. Барлық қажетті ақпарат электрондық түрде эдвайзерлерге уақытылы хабарлансын.

**Жауаптылар – АҚТО, ТЖБ бастықтары,
факультеттер декандары
Мерзімі: 2014 ж. қазан айы.**

6. Ұсынылатын жетекшілік сағаттары тақырыптарының тізімі және студенттермен жұмыс жасау түрлері дайындалсын, эдвайзерлерге жеткізілсін.

**Жауапты – ТЖБ бастығы Абдуллина З.А.
Мерзімі: 2014 ж. маусым айы**

7. Эдвайзерлердің есеп беруінің қажетті түрі әзірленсін.

**Жауапты - ТЖБ бастығы Абдуллина З.А.
Мерзімі: 2014 ж. қыркүйек айы**

8. Осы қаулының орындалуын бақылау ТӘЖ проректоры Абдрахманов Е.А. жүктелсін.

Төраға

Ғылыми хатшы



Г.Ж. Даукеев

Г.Д. Манапова